

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№8 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

14.04.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Өзтүрк, Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүинжанова, ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ю.Алимова, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі К.Семиз, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева, факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы.Нурмагомбетова, кафедраның ОӘК жауапты төрайымдары, факультет ОӘК хатшысы А.Құрбан.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2024-2025 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау
2. ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы
3. Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру
4. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы
5. Әр түрлі мәселелер

1. 2024-2025 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау

1. Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева 2024–2025 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарының жобасын таныстырып, өткен жылдардағы қабылдау көрсеткіштеріне қысқаша шолу жасады. М.Талдыбаева ағымдағы оқу бағдарламаларының сұранысын, түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігін және нарықтағы кадр қажеттілігін ескере отырып, жоспарды тиімді қалыптастырудың маңызын атап өтті.

«Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева шет тілдеріне деген қызығушылықтың артып келе жатқанын атап өтіп, ағылшын және аударма бағыты бойынша қабылдау жоспарын көбейтуді ұсынды. «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева мемлекеттік тілде білім алуға ниетті талапкерлердің санын назарға ала отырып, жоспардың теңгерімді құрылуын қолдады.

ШЕШІМ: 2024–2025 оқу жылына арналған білімгерлерді қабылдау жоспары бекітуге ұсынылсын. Кафедралар жоспарды жүзеге асыру бойынша ұсыныстарын дайындасын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері)

2. ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы

2. Екінші мәселе бойынша, ОӘК отырысында факультет деканы А.Өзтүрк білім беру бағдарламаларының танымалдығын арттыру және білім алушылар контингентін

қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан кәсіби бағдар беру іс-шараларына тоқталды. А.Өзтүрк университетті таныстыру кездесулері, мектептермен және колледждермен байланыс орнату, сондай-ақ онлайн жарнама жұмыстарының маңызын атап өтті.

«Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков осы кафедра тарапынан өткізілген кәсіби бағдар жұмыстары туралы баяндап, талапкерлермен тікелей кездесулердің оң әсерін атап өтті. Сонымен қатар, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін ұсынды.

ШЕШІМ: ББ бойынша білім алушылар контингентін қалыптастыруды жүйелі түрде жүргізу және кәсіби бағдар беру іс-шараларын күшейту тапсырылсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

3. Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру

3. Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева 2025–2026 оқу жылына білім алушылардың пәнге тіркелуін ұйымдастыру мәселесін көтеріп, бұл үдерістің тиімді әрі ашық жүргізілуінің маңыздылығын атап өтті.

«Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков пән таңдауда білім алушыларға берілетін бағыт-бағдар мен ақпараттың өзектілігін қамтамасыз ету керектігін айтты. «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева элективті пәндердің мазмұнын қайта қарап, оқу бағдарламасына сәйкестендіру бойынша ұсыныс жасады.

Талқылау барысында пәнге тіркелу үдерісін түсіндіру жұмыстары, цифрлық жүйелерді тиімді пайдалану және студенттердің академиялық кеңесшілерімен тығыз жұмыс істеу қажеттігі айтылды.

ШЕШІМ: 2025–2026 оқу жылына пәнге тіркелуді ұйымдастыру жұмыстары жүйелі жүргізілсін. Кафедралар элективті пәндердің мазмұнын нақтылап, білім алушыларға бағыт-бағдар беру жұмыстарын қамтамасыз етсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

4. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы

4. Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева білім беру бағдарламаларында көзделген практикалардың өткізілу тәртібі мен мазмұнының бекітілген нормативтік талаптарға сәйкестігіне жүргізілген талдаудың нәтижелерін таныстырды. М.Талдыбаева практикалар барысында студенттердің кәсіби дағдыларды меңгеру деңгейіне, оқу орнынан тыс мекемелермен байланыс сапасына және құжаттаманың толықтығына назар аударды.

«Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы оқу-өндірістік практикалар мектептермен тығыз ынтымақтастықта өтетінін және студенттердің жетекшілер тарапынан оң пікір алып жатқанын баяндады. «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева диплом алды практиканың мазмұны мен есеп беру үлгілерін біріздендіру қажет екенін атап өтті.

ШЕШІМ: Практикалардың ұйымдастырылу барысы бекітілген талаптарға сәйкес деп танылсын. Кафедралар практика мазмұнын жетілдіру және серіктес ұйымдармен байланысты нығайту бойынша жұмыстарды жалғастырсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

5. Әр түрлі мәселелер

5. Әртүрлі мәселелер бойынша факультет оқытушыларының оқу құралдарын бекіту және университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну

Факультет деканы А. Өзтүрк сөз алып, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.Ш. Ермекбаева және магистр оқытушысы А.М. Құрбан дайындаған «Professional English in Use. Translation studies» оқу-әдістемелік құралын талқылауға ұсынды. Бұл құрал филология мамандығы бойынша білім алатын студенттердің кәсіби бағыттағы ағылшын тілін меңгеруіне арналған және қазіргі еңбек нарығы талаптарын ескере отырып ғылыми-әдістемелік тұрғыда құрастырылған.


ОӘК төрағасы М. Талдыбаева бұл оқу-әдістемелік құралының мазмұны өзектілігімен және құрылымының айқындылығымен ерекшеленетінін атап өтті. Ол құралда қамтылған тақырыптардың кәсіби терминологияны меңгеруге, академиялық дискурсты дамытуға, сондай-ақ нақты кәсіби жағдаяттарды шешуге бағытталғанын айтты.

Талқылау барысында оқу-әдістемелік құралының ерекшеліктеріне тоқталған қатысушылар оның студенттердің сыни ойлауын, пікір білдіру және презентация жасау дағдыларын дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар, этика, көшбасшылық, ғылыми коммуникация, мансаптық даму сынды қосымша аспектілердің де қамтылғаны атап өтілді.

Қатысушылар оқу-әдістемелік құралының мазмұны филология саласындағы пәндерге толық сәйкес келетінін және студенттердің кәсіби ағылшын тілі дағдыларын дамытуға зор мүмкіндік беретінін бірауыздан қолдап, оны университеттің оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсыну туралы шешім қабылдады.


ШЕШІМ: «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.Ш. Ермекбаева және магистр оқытушысы А.М. Құрбан әзірлеген «Professional English in Use. Translation studies» оқу-әдістемелік құралы университеттің оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсынылсын.

Факультет ОӘК төрағасы



М.Талдыбаева

ОӘК хатшысы



А.Құрбан